


конденсатордан түскен қоспаның бөлінуі жүріп, газ бен сұйықтыққа бөлінеді.

Газ *E-1*-ден отындық жүйеге немесе ГӨЗ бағыт-талады. Сұйық өнім – газды конденсаттың біршама бөлігі *K-1*-ге суландырғыш ретінде қайта келеді, ал *балансты мөлшері** тұрақтандыру қондырғысынан шығарылады және орталық газ-фракционирлеуші қондырғы-ларға (ОГФҚ) беріледі. ОГФҚ ірі мұнайхимиялық комбинаттар құрамына кіреді және бірнеше тұрақтандырғыш қондырғылардағы газды конденсатты жеке көмірсутектерге бөлуге арналған.

Тұрақтандырғыштың төменгі жағынан тұрақтанған мұнай шығып, ол өзінің жылуын *T-1* жылу алмастырғышқа келіп түсетін шикізатқа береді және салқындатқышта одан әрі салқындайды. Ректификациялау үшін қажетті жылу құбырлы пеш арқылы тұрақтандырғыш бағанасының төменгі жағына беріледі. Тұрақтанған мұнайдағы газдың мөлшері (C_1 - C_4 көмірсутектері) 0,8-1,5% құрайды.

Мұнайды сусыздандыру және тұзсыздандыру. Мұнайды өндіру кезінде мұнаймен бірге үнемі қаттық су болады. Қат (бұрғылау) суларында түрлі тұздар еріген күйінде болады, көбінесе хлоридтер мен натрий, кальций, магний бикарбонаттары, карбонаттар мен сульфаттар сирек болады. Бұл сулардағы тұздардың мөлшері кең аралықта ауытқиды, мардымсыз мөлшерден 30% дейін болады.

Өндеуге түскен мұнай құрамында су мен тұздардың болуы мұнай өңдейтін зауыттардың жұмысына зиянды әсер етеді. Мұнай құрамында судың мөлшерінің көп болуынан мұнайды айдау қондырғысының жабдықтарындағы қысым артады,



2-сурет. Мұнайды тұрақтандыру қондырғысының сұлбасы:
 I - тұрақтанбаған мұнай; II - тұрақтанған мұнай; III – конденсацияланбаған газ;
 IV — газды конденсат.

* Балансты мөлшері дегеніміз қондырғының материалдық балансына сәйкес түзілетін өнім мөлшері